

## «Solva-дан жасыл микрокредит»

### 1. Жалпы ережелер

«Solva-дан жасыл микрокредит» акциясын өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «ОнлайнКазФинанс МҚҰ» АҚ-ның, БСН 160840000397 (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) ресми ұсынысы (жария оферта) болып табылады және «Solva-дан жасыл микрокредит» ақшалай сыйлығын ұтыс ойыны бойынша Акцияны ұйымдастыру мен өткізудің барлық маңызды шарттарын, тәртібін қамтиды.

Төменде баяндалған шарттар қабылданған және Акция шарттары орындалған жағдайда тұлға Қатысушы болады және Ұйымдастырушы мен қатысушының (қатысушылардың) қарым-қатынасына Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 395-399-баптарының нормалары қолданылады.

Жоғарыда баяндалғандарға байланысты Қағидалардың мәтінімен мұқият танысыңыз және Сіз оның қандай да бір тармағымен келіспесеңіз, Ұйымдастырушы Сізге Акцияға қатысудан бас тартуды ұсынады.

### 2. Негізгі ақпарат

2.1. Акцияны өткізу мерзімі - 2023 жылғы 22 мамырдан 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін.

2.2. Жұлде - 10 000 бонус, оны есептеу шарттары мен пайдалану тәртібі осы Қағидаларда көрсетілген.

2.3. Акция аясында жеңімпаздар саны шектелмейді.

2.4. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар:

**Акция** - клиенттер базасын ұлғайтуға, микрокредиттер ашуға, клиенттердің Ұйымдастырушыға адалдығын арттыруға бағытталған Акция;

**Бонустық шот** – Ұйымдастырушы Клиентке ашатын және Ұйымдастырушы бонустар бойынша есеп пен операцияларды: есептеу, жұмсау, теңгерімнің белсенді қалдығы жүргізетін Клиенттің банктік шоты болып табылмайтын шот

**Бонустар** - Акцияға қатысқаны үшін Акцияға Қатысушының Жұлдесінің сандық шамасы және Акция шарттарына сәйкес бонустық баллдармен көрсетілген белгілі бір әрекеттерді жасау.

**Микрокредит** - Ұйымдастырушы клиентке микрокредит беру туралы шарт негізінде, ақылшылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында ұлттық валютада берілетін ақша;

**Жеңімпаз** - Акция шарттарына сәйкес келетін, осы Қағидаларға сәйкес сондай деп танылған Акцияға Қатысушы;

**Сайт** - Ұйымдастырушының [www.solva.kz](http://www.solva.kz) ресми интернет-ресурсы және/немесе «Solva.kz» мобильді қосымшасы.

**Қатысушы** - жеке кәсіпкер, өзін-өзі жұмыспен қамтыған, Акция шарттарына сәйкес келетін Ұйымдастырушының клиенті. Ұйымдастырушының қазіргі қызметкерлері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері Қатысушы бола алмайды.

### 3. Акция шарттары

3.1. Акцияны өткізу кезеңінде жалпы құны 200 000 (екі жүз мың) теңгеден басталатын және одан жоғары бағасындағы жабдықты сатып алу мақсатына 200 000 (екі жүз мың) теңге сомасында микрокредит алған<sup>1</sup> Қатысушылар қатысады. Рұқсат етілетін техниканың тізімі:

- А+++ класындағы және одан жоғары энергия тиімділігі бар тұрмыстық техника;

- жарықдиодты немесе LED жарықтандыру;

- А және В энергия тиімділігі таңбаланған газ немесе биоотын;

<sup>1</sup>Микрокредитті алған күн деп микрокредит сомасын Қатысушының банктік шотына/төлем карточкасына немесе тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатушыға банктік шотқа/төлем карточкасына есептеген күн түсініледі.

- тегіс немесе ақылға қонымды күн коллекторлары;
- жылу оқшаулау жүйесі;
- А+++энергия тиімділігін таңбалайтын жылу сорғылары;
- шыны санымен 3 және одан жоғары терезелер.

3.2. Қатысушының микрокредиті микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес микрокредит бойынша үшінші ай сайынғы төлемді жүзеге асыру күніне белсенді, микрокредитті өтеу

кестесіне сәйкес үшінші ай сайынғы төлемге дейін қоса алғанда, микрокредит бойынша толық немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеусіз болуы тиіс.

3.3. Ұйымдастырушының бонустарды есептеу күніне Қатысушының микрокредиті бойынша мерзімі өткен берешегінің болуына жол берілмейді.

3.4. Жүлдені ұсыну және Қатысушыға бонустарды есептеу үшін Қатысушы Ұйымдастырушыға [green@solva.kz](mailto:green@solva.kz) электрондық поштаға тиісті сападағы келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

- сатып алу күнін және сатып алынған жабдықтың құнын төлегенін растайтын құжаттың/чектің фотосуретінің көшірмесі;
- орнатылған жабдықтың фотосуреті, сондай-ақ сатып алынған жабдықтың пайдалануға берілгенін растайтын құжаттар (бар болса);
- энергия тиімділігі класын растайтын құжаттардың/фотосуреттердің көшірмесі.

3.5. Егер ұсынылған құжаттар Қағидалардың талаптарына сәйкес келмесе және Қатысушы ұсынылған құжаттардағы анықталған кемшіліктерді жоймаса, онда Ұйымдастырушы Қатысушыға бонустар есептемейді.

#### **4. Акцияның мәні**

4.1. Акция шарттарына сәйкес келетін Қатысушыларға микрокредит бойынша үшінші ай сайынғы төлемге Қатысушы төлеген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Жүлде беріледі және бонустық шотқа 10 000 (он мың) бонус мөлшерінде бонустар есептеледі. Бонустарды есептеу туралы Қатысушыны хабардар ету Қатысушының жеке кабинетінде PUSH-хабарламаны жіберу арқылы жүзеге асырылады.

4.2. Есептелген бонустар Акция өткізу кезеңінде рәсімделген, Қатысушымен жасалған микрокредитті беру туралы шарт бойынша микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес кезекті төленбеген ай сайынғы төлемді өтеуге немесе Қатысушымен жасалған микрокредитті беру туралы шарт бойынша талаптарға сәйкес микрокредитті мерзімінен бұрын өтеуге ғана пайдаланылуы мүмкін. Бонустарды қолма-қол ақшаға айналдыруға немесе осы Қағидаларда көзделгеннен басқа мақсаттарға пайдалануға болмайды. Бонустар ақшалай өтеуге жатпайды.

4.3. Есептелген Бонустарды 1 (бір) Бонус 1 (бір) теңге есебінен жұмсауды клиент Қағидалардың 42-тармағында айқындалған мақсаттарға дербес жүзеге асырады. Бонустық шоттағы бонустар саны клиенттің жеке кабинетінде көрсетіледі.

4.4. Акция өткізу кезеңінде рәсімделген микрокредит толық өтелгеннен кейін Бонустық шотта Бонус қалған кезде - Бонустардың қалдығы жойылады.

4.5. Өткізілетін Акцияға байланысты барлық қажетті салықтарды төлеуді Ұйымдастырушы қамтамасыз етеді.

4.6. Жүлде атаулы болып табылады және оны үшінші тұлғаларға беру мүмкін емес.

4.7. Жүлдені алу фактісімен Жеңімпаз Ұйымдастырушының Жеңімпаздың атын жарнамалық мақсатта пайдалану құқығымен, сондай-ақ Ұйымдастырушының жарнамалық роликтерге қатысу үшін Жеңімпазды тарту, өзінің жарнамалық мақсаттары үшін фото және бейне материалдарды пайдалануға құқылы екендігімен келіседі.

4.8. Ұйымдастырушы Акцияны өткізу мерзімін ұзартуға, Жүлдені беру рәсімін өзгертуге және Сайтта Акция және оны өткізу тәртібі туралы қосымша ақпаратты жариялауға құқылы.

4.9. Акцияның барлық Қатысушылары оған қатыса отырып, осы Қағидаларда көзделген талаптармен келіседі, оларды ұстануға және орындауға міндеттенеді. Егер Ұйымдастырушы Акция шарттарын бұзған немесе Жүлдені алу үшін алаяқтық және/немесе алдау актілерін жасаған Қатысушыларды анықтаса (айыбын апса), Жеңімпаз Жүлдені алу құқығынан айырылады. Ұйымдастырушы қабылдайтын Жүлдені алудан бас тарту туралы шешім түпкілікті болып табылады.

4.10. Ұйымдастырушы:

1) Қатысушылардың осы Қағидаларда көзделген міндеттерді орындамауы (уақтылы орындамауы);

2) Қатысушының осы Қағидаларды білмеуінен туындаған жағдайлар үшін;

3) Қатысушылардан соның ішінде почта немесе курьерлік қызметтің, байланыс ұйымдарының кінәсінен, Интернет желісіндегі және (немесе) Акция жүргізу кезінде пайдаланылатын байланыс арналарындағы техникалық проблемалар және (немесе) алаяқтық нәтижесінде хат, қоңыраулар, факсимильді және (немесе) электрондық хабарламалар, сәлемдемелер алмауы үшін;

4) Қатысушылардан Акцияны өткізу және Жүлдені беру мақсатында қажетті толық емес және (немесе) дұрыс емес Байланыс және (немесе) өзге де мәліметтерді алуы үшін жауапты болып табылмайды.

4.11. Ұйымдастырушы Сайтқа жариялай отырып, Акцияның шарттарын өзгертуге немесе Ұйымдастырушының қалауы бойынша Акцияны кез келген уақытта тоқтата тұруға/аяқтауға құқылы.

## **5. Тараптардың Жауапкершілігі**

5.1. Тараптар осы Қағидалардың шарттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен жауапты болады немесе жауапкершіліктен босатылады.

5.2. Қалған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жалпы негіздемелер бойынша жауапты болады.

## **6. Дербес деректер мен ақпарат, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер**

6.1. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қатысушы осы Қағидалардың шарттарымен келісе отырып, Ұйымдастырушының Қатысушы туралы дербес деректерді жинауды, өңдеуді, қол жеткізуді, сақтауды, алуды және таратуды, трансшекаралық табыстауды тек қана осы Қағидалардың мақсаттары үшін, сондай-ақ онда көрсетілген жағдайларда заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен жүзеге асыруымен келіседі.

6.2. Қатысушы Қағидалардың шарттарымен келісе отырып, соның ішінде Қатысушы туралы, микрокредит туралы заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, осы Қағидалардың шарттарын орындау нәтижесінде Ұйымдастырушыға белгілі болған ақпаратты Ұйымдастырушы үшінші тұлғаларға тек осы Қағидаларды орындау мақсаттары үшін немесе осы Қағидаларда көзделген жағдайларда немесе Ұйымдастырушы үшін мұндай ақпаратты беру міндетті болған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгілеген көзделген жағдайларда ғана бере алатындығымен келіседі.

## **7. Өзге шарттар**

7.1. Ұйымдастырушы Қағидалардың шарттары еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажор) әсерінен туындаса, оның ішінде: мемлекеттік билік органдарының іс-әрекеттері (оның ішінде құқықтық актілерді қабылдау), өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, басқа да табиғи апаттар, пандемия, электр энергиясының болмауы және/немесе компьютерлік желі жұмысының бұзылуы, ереуілдер, азаматтық толқулар, тәртіпсіздіктер, жоғарыда аталғандармен шектелмей, Ұйымдастырушының осы Қағидалардың шарттарын

орындауына әсер етуі мүмкін кез келген өзге мән-жайлар салдарынан туындаған бұзушылықтар үшін жауапкершіліктен босатылады.

7.2. Ұйымдастырушы Қағидалардың шарттарына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады, осыған байланысты Қатысушы Сайтта жарияланған осындай өзгерістерді үнемі қадағалап отыруға міндеттенеді.

7.3. Ұйымдастырушы желінің, компьютерлік техниканың, аппараттық және/немесе Бағдарламалық қамтамасыз етудің жұмысының салдарынан орын алған, жіберуді немесе Акцияға қатысу үшін деректерді алуды шектейтін немесе кешіктіретін кез келген қателіктер үшін жауапты болмайды. Ұйымдастырушы барлық деректердің тиісті түрде берілетініне кепілдік бермейді және мұндай деректерді ұсынбау салдарынан Акцияға қатысудың жіберіп алған мүмкіндігі үшін жауап бермейді. Ұйымдастырушының жиынтық жауапкершілігі ешбір жағдайда Жүлде сомасынан аспауы тиіс.

7.4. Осы Қағидалар қазақ және орыс тілдерінде жасалды, мәтіндерде сәйкессіздіктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады.

## **8. Ұйымдастырушының деректемелері**

«ОнлайнКазФинанс МҚҰ» АҚ

БСН 160840000397

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғ., 502, 9 қабат, пошта индексі 050012